

“ҰЛТТЫҚ НЕЙРОХИРУРГИЯ  
ОРТАЛЫҒЫ” АҚ



АО “НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
ЦЕНТР НЕЙРОХИРУРГИИ”

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
«16» мамыр 2014 жылғы  
№ 3 шешімімен  
**БЕКІТІЛГЕН**



**«Ұлттық нейрохирургия орталығы»  
акционерлік қоғамының  
Басқармасы туралы ереже**

Астана қ., 2014



## МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
  2. БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТӘРТІБІ
  3. БАСҚАРМА МҮШЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ
  4. БАСҚАРМА МӘРТЕБЕСІ, ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ
  5. БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ
  6. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ
  7. БАСҚАРМА ОТЫРЫСТАРЫ, ОНЫҢ ШЕШІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ
  8. БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
  9. БАСҚАРМА ХАТШЫСЫ
  10. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ ЕСЕПТЕР
  11. АУДИТ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК
  12. ҚОРЫТЫНДЫ
- 1-ҚОСЫМША
  - 2 -ҚОСЫМША
  - 3-ҚОСЫМША
  - 4-ҚОСЫМША



## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына сәйкес әзірленді және Қоғамның мәртебесін, Басқарма мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптарын (бұдан әрі – Басқарма), сайлау тәртібін, Қоғам Басқармасы отырыстарының регламентін, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындайды.

2. Басқарма өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қоғам Жарғысын және оның ішкі құжаттарын, оның ішінде осы Ережені басшылыққа алады.

## 2. Басқарманың құрамы және оның мүшелерін сайлау тәртібі

3. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай – ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

4. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұруы тиіс.

5. Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдаған сәттен бастап өткізілді деп есептеледі.

6. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы. Қоғамның Басқарма Төрағасының атқарушы органның басшысы не атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

## 3. Басқарма мүшесіне қойылатын біліктілік талаптары

7. Басқарма мүшелігіне үміткерлердің кәсіби тәжірибесі, білімі және іскерлік беделі, Басқарма жұмысына үлес қосу қабілеті және ортақ мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмыс істеуге деген ұмтылысы болуы керек.

8. Басқарма мүшесі лауазымына жоғары білімі және мінсіз іскерлік беделі бар адам сайлана алады.

9. Басқарма мүшелігіне кандидат бола алмайтын тұлға:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;



3) бұрын оны мәжбүрлеп тарату, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, консервациялау немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма Төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, консервациялау немесе банкрот деп тану туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

4) сот меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп таныған, сондай-ақ көрсетілген қылмыстар жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған жағдайларда жүзеге асырылады. Көрсетілген талап заңдарда белгіленген тәртіппен өтелген не алынған, сотталғандығы не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл ішінде қолданылады.

#### **4. Басқарма мәртебесі, оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

10. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады.

11. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ еңбек шарттарымен айқындалады.

Еңбек шарттарында Тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі және басқа да маңызды шарттар, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтау жөніндегі міндеттемелері қамтылуға тиіс.

12. Басқарма мүшелері Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып, өз құқықтарын жүзеге асыруға және өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқаруға тиіс.

13. Басқарма мүшелерінің Қоғамның мүлкін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға немесе пайдалануға жол беруге құқығы жоқ.

14. Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылайды, оларға сеніп тапсырылатын немесе жұмыс процесінде белгілі болатын коммерциялық және қызметтік құпияларды құрайтын өздеріне белгілі кез келген мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

15. Жұмысқа түскен кезде Басқарма мүшесі коммерциялық және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюға міндетті. Бұл міндеттеме Басқарма мүшесінің Қоғаммен еңбек



қатынастары тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

16. Егер Басқарма мүшесі Қоғамның қандай да бір мәміле жасауына мүдделі болса, онда ол Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты Басқарма Төрағасы мен Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті.

17. Басқарма мүшелері залалдың алдын алу, Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық жасау, Басқарма Төрағасын хабардар ету немесе өзге де қолжетімді тәсілмен Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасын өздері жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша істердің жай-күйі туралы хабардар етеді.

18. Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөлуді Басқарма Төрағасы тиісті бұйрық қабылдау жолымен тәжірибе мен біліктілікке сүйене отырып жүзеге асырады.

## 5. Басқарманың құзыреті

19. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

20. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен оның лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) заңдарда және Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның атынан жасалатын мәмілелер бойынша Қоғамның міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесі бекіткен Ұйымдық құрылым мен штат санын ескере отырып, Қоғамның, филиалдар мен өкілдіктердің штат кестесін бекітеді;

3) Директорлар кеңесі бекітетін жіктеуішке сәйкес Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

4) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 2-ден 10 пайызына дейінгі сомаға ұлғайту туралы шешімдер қабылдайды;

5) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

6) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан аспайтын бөлігін сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы шешімдер қабылдайды;

7) уақытша бос ақшаны орналастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында бағалы қағаздарды, оның ішінде Эмитенттің жарғылық капиталының он пайызынан аспайтын акцияларды сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;



8) тауар таңбасын және Қоғамды корпоративтік сәйкестендірудің өзге де құралдарын бекітеді;

9) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызына дейін Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

10) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

21. Басқарма Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

22. Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастамашылық жасауға құқылы.

23. Басқарма Төрағасының шешімі бойынша Басқарма мүшелеріне оның қандай да бір өкілеттігі белгіленген тәртіппен берілуі мүмкін.

## 6. Басқарма Төрағасының өкілеттіктері

24. Басқарма қызметіне басшылықты Басқарма Төрағасы жүзеге асырады.

25. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында Басқарма Төрағасы:

1) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оның өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Қоғамның өз капиталы мөлшерінің 2 пайызына дейінгі сомаға Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешімдер қабылдайды;

5) Қоғам жұмыскерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес лауазымдық айлықақылар мен айлықақыларға дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма, Ішкі аудит қызметі құрамына кіретін жұмыскерлерді, Корпоративтік хатшы қоспағанда, олардың сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды.

6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;



- 8) заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесінің алдында есеп береді;
- 9) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;
- 10) құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;
- 11) Басқарма отырыстарын өз бастамасы бойынша немесе Басқарма мүшесінің өтініші бойынша шақырады;
- 12) Директорлар кеңесі бекітетін жіктеуішке сәйкес ішкі құжаттарды бекітеді;
- 13) Басқарма хатшысының функцияларын Қоғам жұмыскерлерінің біріне жүктейді;
- 14) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Даму стратегиясын, Даму жоспарын және Жылдық бюджетін, сондай-ақ олардың іске асырылуы (орындалуы) туралы есептерді әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 15) Қоғамның ағымдағы және перспективалық жұмыс жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және оларды лауазымдардан босатады;
- 17) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін дербес жауапты болады;
- 18) міндеттерді орындау үшін қажетті және Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

## **7. Басқарма отырыстары, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібі**

26. Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі.

27. Басқарма отырыстарын өткізуге арналған кворум Басқарма мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және Басқарманың жоқ мүшелері ескеріле отырып (олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған кезде) айқындалуы мүмкін.

28. Басқарманың қызметін ұйымдастыру, жиналысты шақыру, дайындау, өткізу және шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Жарғысында айқындалады.

29. Басқарма отырысын Басқарма Төрағасы өз бастамасы бойынша немесе Басқарма мүшесінің өтініші бойынша шақыруы мүмкін.

30. Басқарма отырысына материалдарды жіберу Басқарма мүшелерінің электрондық мекенжайларына электрондық байланыс арқылы жүзеге асырылады.

31. Алдағы отырыс туралы хабарламалар мен сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер міндетті түрде қағаз тасымалдаушыда таратылады.

32. Егер Басқарма мүшесі отырысқа келе алмайтын жағдайда, ол



Басқармаға осы Ережеге 2-қосымшада келтірілген нысан бойынша ресімделген, қаралатын мәселелер бойынша өзінің жазбаша пікірін ұсынуға құқылы.

Жазбаша пікір кворумды растау кезінде және отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде (дауыс берудің аралас нысаны) ескеріледі, ол бойынша Басқарма мүшесінің дауыс беру нәтижелері қамтылады.

Басқарма мүшесі Басқарма отырысына бейнебайланыс арқылы қатысуға құқылы. Басқарманың мұндай мүшесінің дауыс беруі Басқарманың күндізгі отырысы хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын Басқарма хатшысы дайындаған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді толтыру және оған қол қою арқылы жүзеге асырылады. Мұндай қатысқан жағдайда Басқарма мүшесі Басқарма отырысына келген болып есептеледі.

33. Сырттай дауыс беру рәсімі пайдаланылған жағдайда күн тәртібіндегі мәселелер бойынша хабарламаға және материалдарға осы Ережеге 1-қосымшада келтірілген нысан бойынша жасалған сырттай дауыс беруге арналған бюллетень қоса беріледі.

34. Басқарма хатшысы осы Ережеге 3 және 4-қосымшаларда келтірілген нысандар бойынша күндізгі отырыс хаттамасының жобасын немесе сырттай отырыс шешімінің жобасын дайындайды. Басқарманың күндізгі отырысының хаттамасы, сырттай отырысының шешімі отырыс өткізілген күннен бастап 1 (бір) күннен кешіктірілмей жасалады.

## 8. Басқарма мүшелерінің жауапкершілігі

35. Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал, ойға қонымды, әділ орындайды, Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді негізді түрде пайдаланады.

36. Басқарма мүшелері жауапты:


1) Басқарманың құзыретіне жататын бөлігінде Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындалмауы;

2) олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша қабылданатын шешімдердің салдары;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның қасақана әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) келтірілген зиян, оның ішінде: жаңылыстыратын ақпаратты немесе көрінеу жалған ақпаратты беру; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу нәтижесінде келтірілген залалдар үшін.

37. Қоғам Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Төрағаға және Басқарма мүшелеріне, олардың Қоғамға келтірген зиянын не залалын өтеу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы.

38. Басқарма Төрағасы өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақытылы және сапалы орындалуына жауапты болады.



39. Басқарма Төрағасы белгіленген тәртіппен осы Ережеге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Еңбек шартына және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің сапасы мен уақытылы орындалуына дербес жауапты болады.

40. Басқарма мүшелері белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының еңбек шарттары мен заңнамасына сәйкес өздеріне жүктелген функциялардың сапасы мен уақытылы орындалуына дербес жауапты болады.

41. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша еңбек тәртібін бұзғаны, лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Басқарма мүшелеріне белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін.

42. Басқарма мүшелерінің өздеріне жүктелген міндеттерді орындамауын және/немесе тиісінше орындамауын Директорлар кеңесі жыл ішіндегі қызмет қорытындылары бойынша сыйақы төлеу туралы шешім қабылдаған кезде ескереді.

43. Басқарма мүшелерінің материалдық жауапкершілігі және олар келтірген зиянды (ол болған кезде) өтеу тәртібі, сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану жөніндегі рәсімдер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

## 9. Басқарма хатшысы

44. Басқарма хатшысы Басқарма жұмысын құжаттамалық қамтамасыз етуге жауапты тұлға болып табылады.

45. Басқарма Төрағасының бұйрығымен Басқарма хатшысының функцияларын (дауыс беру құқығынсыз) Қоғам жұмыскері жүзеге асырады. Басқарма хатшысы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттерін атқару Басқарма Төрағасының бұйрығымен Қоғам жұмыскерлері арасынан басқа тұлғаға жүктеледі.

46. Басқарма хатшысының Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес коммерциялық және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ өзге де құпия ақпаратты жария етуге құқығы жоқ.

47. Басқарма хатшысының Қоғам туралы қол жетімділігі шектеулі ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға құқығы жоқ.

48. Басқарма хатшысы хаттаманың және Басқарма отырыстарының хаттамасынан үзінді көшірмелердің дұрыс жасалуына жауапты болады.

## 10. Директорлар кеңесіне есептер

49. Басқарма Директорлар кеңесінің отырысында Қоғамның қызметі туралы есептерді дайындауды және қарауды қамтамасыз етеді.

50. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Басқармадан Қоғамдағы



істердің жағдайы және оған тәуелді ұйымдармен Қоғамның байланыстары туралы, сондай-ақ егер ол Қоғамның өзінің жағдайына әсер етуі мүмкін болса, осы ұйымдардағы істердің жай-күйі туралы есепті талап етуге құқылы.

## 11. Аудит және есептілік

51. Басқарма Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне жыл сайынғы аудит жүргізуді, сондай-ақ оны Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен және мерзімдерде уақытылы жариялауды қамтамасыз етеді.

## 12. Қорытынды

52. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

53. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) Қоғам Жарғысын өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары олармен қайшылыққа түссе, Ереженің осы нормаларының күші жойылады және Ережеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және (немесе) Қоғам Жарғысын басшылыққа алады.



«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы №\_\_  
шешімімен бекітілген  
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқармасы туралы ережеге  
1-қосымша

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының  
Басқарма мүшелерінің сырттай дауыс беруіне арналған  
Б Ю Л Л Е Т Е Н Ь

Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқарма мүшесі туралы мәліметтер

Т.А.Ә., лауазымы

Басқарма мүшесіне бюллетеньді жолдау күні

Қол қойылған бюллетеньді ұсыну күні

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл  
\_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Бюллетеньдерді жолдау мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы  
e-mail: тел/факс:

**Күн тәртібі:** 1. (сұрақтың тұжырымдамасы)  
2. (сұрақтың тұжырымдамасы)

**Күн тәртібі бойынша** (шешімнің тұжырымдамасы)

КОЛДАЙДЫ  ҚАРСЫ  «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (айрықша пікір)»

Ескертпе: айрықша пікір жазбаша түрде жеке қоса беріледі

**№1 сұрақ** (шешімнің тұжырымдамасы)

КОЛДАЙДЫ  ҚАРСЫ  «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (айрықша пікір)»

Ескертпе: айрықша пікір жазбаша түрде жеке қоса беріледі

**№2 сұрақ** (шешімнің тұжырымдамасы)

КОЛДАЙДЫ  ҚАРСЫ  «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (айрықша пікір)»

Ескертпе: айрықша пікір жазбаша түрде жеке қоса беріледі

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқарма мүшесі

Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_ (қол қою міндетті)

Басқарма хатшысы

Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_ (қол қою міндетті)

Ескертпе:

Сырттай дауыс беру кезінде сырттай дауыс беруге қатысушы Басқарма мүшесі дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуін ғана таңдаған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі. Осы талапты бұза отырып ресімделген бюллетеньдер жарамсыз деп танылады және олардағы мәселелер бойынша дауыстар есептелмейді.

Егер Басқарма мүшесі Басқарма отырысының күн тәртібінің нақты мәселесі (мәселелері) бойынша шешім қабылдауға қарсы дауыс берген не одан бас тартқан жағдайда, онда ол Басқарма шешімі қабылданғаннан кейін күнтізбелік үш күн ішінде өз шешімінің жазбаша негіздемесін ұсынады.

Басқарма отырысының күн тәртібінің нақты мәселесі (мәселелері) бойынша шешім қабылдауға қарсы дауыс берген не қалыс қалған Басқарма мүшесінің жазбаша негіздемесі міндетті түрде басқарманың тиісті отырысының хаттамасына және (немесе) шешіміне қоса беріледі.

\_\_\_\_\_ Басқарма мүшесінің Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_ (қол қою міндетті)



«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы № \_\_\_\_  
шешімімен бекітілген  
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқармасы туралы ережеге  
2-қосымша

**«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқармасының күндізгі отырысына  
Басқарма мүшесінен (Т.А.Ә.)  
ЖАЗБАША ПІКІР**

Астана қ.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылы ұсынылған № \_\_\_\_\_ хабарламаға сәйкес, отырысы «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылы, \_\_\_\_\_ сағатта, \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша жоспарланған «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ (бұдан әрі- Қоғам) Басқармасының қарауына арналған материалдарға сәйкес келесі сұрақтар шығарылды:

1. (сұрақтың тұжырымдамасы).
2. (сұрақтың тұжырымдамасы).

*Сұрақтар саны және олардың тұжырымдалуы Басқарма мүшелеріне жіберілгенін хабарламаға сәйкес келуі тиіс.*

Қоғам Басқармасының жоспарланған отырысына қатысу мүмкін болмауы себебінен Қоғам Жарғысының 224 тармағы мен Басқарма туралы ереженің 32- тармағы негізінде отырыстың күн тәртібі бойынша өз ұстанымымды ұсынамын.

**Күн тәртібі бойынша дауыс беремін:** (Басқарма мүшесінің дауысы: «ҚОЛДАЙМЫН», «ҚАРСЫМЫН», «ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН»).

**№ 1 сұрақ.** Сұрақтың тұжырымдамасы.

*Қарастырылып жатқан сұрақ бойынша ұстанымын қысқаша жазбаша сипаттау (Басқарма мүшесінің пікірі)*

Осыған байланысты келесі шешім тұжырымдамасы үшін дауыс беруді ұсынамын:

1. (шешім тұжырымдамасы).
2. (шешім тұжырымдамасы).

**Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша дауыс беремін:** (Басқарма мүшесінің дауысы: «ҚОЛДАЙМЫН», «ҚАРСЫМЫН», «ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН»).

**№ 2 сұрақ.** Сұрақтың тұжырымдамасы.

*Қарастырылып жатқан сұрақ бойынша ұстанымын қысқаша жазбаша сипаттау (Басқарма мүшесінің пікірі)*


1. (шешім тұжырымдамасы).
2. (шешім тұжырымдамасы).

**Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша дауыс беремін:** (Басқарма мүшесінің дауысы: «ҚОЛДАЙМЫН», «ҚАРСЫМЫН», «ҚАЛЫС ҚАЛАМЫН»).

**«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқарма мүшесі**

**Т.А.Ә.**

(қол қою міндетті)



«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы №\_\_  
шешімімен бекітілген  
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқармасы туралы ережеге  
3-қосымша

**«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқарма отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ЖЫЛ

**Орналасқан жері:** *Басқарманың нақты мекенжайы.*

**Отырыстың басталу уақыты және отырыс өтілетін орын:**

**Басқарма отырысына қатысқан Басқарма мүшелері:**

**Басқарма отырысына қатыспаған Басқарма мүшелері:**

**Басқарма отырысының күн тәртібіндегі мәселелердің мәні бойынша пікірі бар жазбаша хабарламалар ұсынылды:**

**Кворум туралы ақпарат:** *(бар/жоқ)*

Қоғам Жарғысының 196-тармағының 13) тармақшасына, Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрығына «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ сәйкес Басқарма хатшысының функциялары \_\_\_\_\_ жүктелген.

**Шақырылған тұлғалар:**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. \_\_\_\_\_ туралы
2. \_\_\_\_\_ туралы

**Басқарма күн тәртібін қарап, ШЕШТІ:**

*Шешімді тұжырымдау (күн тәртібін бекіту, өзгерту, толықтыру)*

**Дауыс беру қорытындысы:**

«ҚОЛДАЙДЫ» \_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

«ҚАРСЫ» \_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (айрықша пікір)» \_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** \_\_ дауыспен.

**Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша сөйледі (егер бірінші сұрақ бойынша сөйлеушілер болса)**



Сұрақты қарау қорытындысы бойынша Басқарма **ШЕШТІ**:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

**Дауыс беру қорытындысы:**

«ҚОЛДАЙДЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

«ҚАРСЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (айрықша пікір)» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** \_\_\_ дауыспен.

*Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөйледі (егер бірінші сұрақ бойынша сөйлеушілер болса)*

Сұрақты қарау қорытындысы бойынша Басқарма **ШЕШТІ**:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

**Дауыс беру қорытындысы:**

«ҚОЛДАЙДЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

«ҚАРСЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (айрықша пікір)» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** \_\_\_ дауыспен.

**Отырыстың аяқталу уақыты:**

Басқарманың болмаған мүшесінің (мүшелерінің) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламасының (хабарламаларының) түпнұсқасы осы шешімге қоса берілген.

**Төраға/  
Төрағалық етуші**

М.О.

*жеке қолтаңбасы*

**Т.А.Ә.**

**Басқарма мүшелері**

*жеке қолтаңбасы*

**Т.А.Ә.**

*жеке қолтаңбасы*

**Т.А.Ә.**

*жеке қолтаңбасы*

**Т.А.Ә.**

**Хатшы**

*жеке қолтаңбасы*

**Т.А.Ә.**



«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы № \_\_  
шешімімен бекітілген  
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқармасы туралы ережеге  
4-қосымша

**«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ  
Басқармасының сырттай отырысының  
ШЕШІМІ**

Астана қаласы

№ \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

**Орналасқан жері:** *Басқарманың нақты мекенжайы.*

**Шешімді рәсімдеу орны және уақыты:**

**Басқарма мүшелеріне бюллетеньдерді жолдау күні:**

**Қол қойылған бюллетеньдерді ұсыну күні:**

**Бюллетеньдерді жолдау мекенжайы:**

**Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді белгіленген мерзімде ұсынған  
Басқарма мүшелері:**

**Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді ұсынбаған Басқарма мүшелері:**

**Кворум туралы ақпарат:** *(бар/жоқ)*

**Басқарма хатшысы:**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. \_\_\_\_\_ туралы
2. \_\_\_\_\_ туралы

*Шешімді тұжырымдау*

**Дауыс беру қорытындысы:**

«ҚОЛДАЙДЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӨ)

«ҚАРСЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӨ)

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (айрықша пікір)» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӨ)

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** \_\_\_ дауыспен.

**Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша:**

*Шешімді тұжырымдау*

**Дауыс беру қорытындысы:**



«ҚОЛДАЙДЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

«ҚАРСЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (айрықша пікір)» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** \_\_\_ дауыспен.

**2. Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша:**

*Шешімді тұжырымдау*

**Дауыс беру қорытындысы:**

«ҚОЛДАЙДЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)


«ҚАРСЫ» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (айрықша пікір)» \_\_\_ дауыс (Басқарма мүшесінің/мүшелерінің ТАӘ)

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** \_\_\_ дауыспен.

Басқарма мүшелерінің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньдердің түпнұсқалары \_\_\_\_\_ дана, осы шешімге қоса берілген және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

**Төраға/  
Төрағалық етуші**



*жеке қолтаңбасы*

**Т.А.Ә.**

**Хатшы**

*жеке қолтаңбасы*

**Т.А.Ә.**





